

«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(30.11.2020 ж. № 3 хаттама)



БЕКІТІЛДІ
(29.12.2024 ж. өзгерістермен және
толықтырулармен, №13/44
хаттама)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы
ҚАҒИДА

Қарағанды

1. Жалпы қағидалар

1. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеті туралы осы Қағида Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитетінің мәртебесін, құрамын, сайлануын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін, құзыретін, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындау мен сыйақылар жөніндегі комитеті мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды (осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі және 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

2. Комитет Қоғамның Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы (бұдан әрі - Директорлар кеңесі) болып табылады. Комитет әзірлеген барлық ұсыныстар Директорлар кеңесінің қарауына берілетін ұсыныстар болып табылады.

3. Қағидада Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді (осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен толықтырылды).

4. Комитет Директорлар кеңесіне есеп береді, оған Директорлар кеңесі және осы Қағидада берген өкілеттіктер шеңберінде әрекет етеді.

5. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның жарғысын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, осы Қағиданы және Директорлар кеңесінің басқа да шешімдерін басшылыққа алады.

6. Қоғамның Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Комитеттің шығарған ұсынымдары Директорлар Кеңесі бекіткен жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен Жалғыз акционерге қарау және шешім қабылдау үшін жіберіледі.

2. Комитет мүшелерінің құрамы, сайлануы және өкілеттік мерзімі

7. Комитет құрамы Директорлар кеңесінің мүшелері мен Комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар қатарынан құралады. Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің кем дегенде бірінің персоналды басқару және оның қызметін бағалау саласында, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында білімі мен практикалық тәжірибесі болуы тиіс (осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен толықтырылды).

8. Комитеттің сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

9. Комитет мүшелері Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады.

10. Комитеттің тиімді қызметі мақсатында оның жұмысына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық консультациялар беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттар тартылуы мүмкін (бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

11. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімдерімен сәйкес келеді, бұл ретте жыл сайын Директорлар кеңесі қайта қарауы мүмкін.

12. Комитет хатшысының функцияларын Корпоративтік хатшы жүзеге асырады.

Комитет хатшысы Комитет отырыстарын дайындауды және өткізуді, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, Комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға Комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, Комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды қамтамасыз етеді, қажетіне қарай Комитет отырыстарының хаттамаларынан үзінді көшірмелер береді, сондай-ақ кейіннен Комитет барлық тиісті материалдарды сақтайды.

Комитет хатшысы Комитет мүшелерінің қажетті ақпаратты алуын қамтамасыз етеді.

3. Комитет төрағасы

13. Комитеттің төрағасы тек тәуелсіз директор бола алады.

14. Комитет Төрағасы өзі басқаратын Комитеттің жұмысын ұйымдастырады, атап айтқанда:

1) Комитет отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

2) Комитет отырысының күн тәртібін, оның ішінде Комитет отырысына талқылау үшін шығарылатын мәселелердің мазмұнын бекітеді;

3) Комитет отырыстарында мәселелерді талқылауды ұйымдастырады, сондай-ақ отырысқа қатысуға шақырылған адамдардың пікірлерін тыңдайды;

4) Директорлар кеңесі отырыстарының жоспарын ескере отырып, ағымдағы күнтізбелік жылға арналған кезекті отырыстардың жоспарын әзірлейді.

15. Төраға болмаған жағдайда оның функцияларын Комитет шешімімен Комитет мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

4. Комитет жұмысының тәртібі

16. Комитет отырысы бетпе-бет отырыс нысанында өткізіледі. Ерекше жағдайларда Комитеттің отырыстарын сырттай дауыс беру нысанымен өткізуге жол беріледі.

Комитеттің бетпе-бет отырыстарын өткізуге қолайлы жағдайлар жасау және шығындарды қысқарту мақсатында Комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі. Осы тәртіппен өткізілетін отырыстар бетпе-бет болып саналады.

Егер Комитет мүшесінің отырысқа жеке қатысуға мүмкіндігі болмаса, ол өз пікірін жазбаша түрде бере алады.

(осы тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді және толықтырылды).

17. Комитет жыл сайын Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес Комитеттің жұмыс жоспарын жасайды, оны Комитет бекітеді.

Комитет отырысының күн тәртібі мәселесі бойынша материалдар мен шешімнің жобасын Комитет хатшысы Комитеттің барлық мүшелеріне және мүдделі тұлғаларға отырыстың жоспарланған күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей жібереді. Ерекше жағдайларда Комитет төрағасының шешімі бойынша материалдар отырыс өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күні ішінде жіберілуі мүмкін. Комитет отырысы кворум - Комитет мүшелері санының кемінде жартысы болған кезде заңды деп есептеледі.

Комитет отырысы оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе төмендегілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

1) Комитеттің кез келген мүшесінің;

2) Директорлар кеңесінің;

3) Қоғамның Жалғыз акционерінің.

Комитет төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар кеңесіне жүгінуге құқылы, ол Комитеттің отырысын шақыруға міндетті. Комитет отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

19. Шешімдер отырысқа қатысатын Комитет мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Мәселелерді шешу кезінде Комитеттің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Комитет мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамдарға, оның ішінде Комитеттің басқа мүшелеріне беруіне жол берілмейді. Комитет мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда отырыста төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Комитет мүшелерінің Комитет шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

20. Комитеттің әрбір мүшесі өзінің ерекше пікірін айта алады, ол Комитет хаттамасымен бірге тігіледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Жекелеген мәселелер бойынша Комитеттің жекелеген мүшелерінің мүдделілігіне байланысты шешім қабылданбаған жағдайларда мұндай факт Комитет отырысының хаттамасына енгізіледі.

21. Дауыс берудің ашық нысаны кезінде Комитет Төрағасы мен оның мүшелері дауыс беруге құқығы бар Комитет мүшелерінің ғана қатысуымен Комитет отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру туралы шешім қабылдай алады. Мұндай жағдайларда сарапшылар мен Комитет отырысына қатысуға шақырылған басқа да адамдар байқаушылар ретінде Комитет отырысына мәселелерді талқылау кезінде ғана қатысады, ал дауыс беру кезінде мәжіліс залынан шығады.

22. Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

Бюллетеньде мыналар көрсетілуі керек:

1) Қоғамның толық фирмалық атауы және оның орналасқан жері;

2) дауыс беруге шығарылатын мәселелерді және әрбір мәселе бойынша шешімдерді тұжырымдау;

3) әрбір мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары: «қолдағандар», «қарсы болғандар», «қалыс қалғандар»;

4) «Ерекше пікір» бағанына;

5) толтырылған бюллетеньдер жіберілуі тиіс пошта мекенжайы;

6) бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталу күні.

23. Комитеттің бетпе-бет отырысының нәтижелері бойынша ол өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде хаттама жасалады. Хаттамаға Комитет төрағасы немесе отырысқа төрағалық еткен адам, сондай-ақ хаттаманың дұрыс жасалуына және мазмұнына жауапты Комитет хатшысы қол қояды *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

24. Комитеттің сырттай отырысының нәтижелері бойынша ол өткізілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде шешім жасалады. Шешімге Комитет төрағасы немесе отырысқа төрағалық еткен адам, сондай-ақ хаттаманың дұрыс жасалуына және мазмұнына жауапты Комитет хатшысы қол қояды *(бұл тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

5. Комитеттің құзыреті

25. Комитеттің құзыретіне мынадай мәселелер кіреді:

1) Басқарма құрамына кандидаттар бойынша ұсынымдар беру;

2) Басқарма мүшелерінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, Басқарма мүшелерін сайлау, Корпоративтік хатшыны, Директорлар кеңесі тағайындауды жүзеге асыратын Қоғамның басқа да қызметкерлерін (Ішкі аудит қызметінің басшысы мен аудиторынан және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысынан басқа) сайлау және тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жөнінде ұсынымдар беру;

3) Басқарма төрағасы - Ректордың, Басқарма мүшелерінің, бас бухгалтердің, Корпоративтік хатшының, Директорлар кеңесі тағайындауды жүзеге асыратын қоғамның басқа да қызметкерлерінің (ішкі аудит қызметінің басшысы мен аудиторынан және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысынан басқа) лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау жөнінде ұсыныстар енгізу;

4) Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының, Директорлар кеңесі тағайындауды жүзеге асыратын қоғамның басқа да қызметкерлерінің (ішкі аудит қызметінің басшысы мен аудиторынан және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысынан басқа) сыйақысының мөлшері мен құрылымы жөнінде уәждемелік

ҚПЭ қою, ұсыныстар енгізу;

5) Қоғамның Басқарма мүшелері үшін қызметтің негізгі көрсеткіштері және олардың нысаналы мәндері мен Басқарма төрағасы - Ректор, Басқарма мүшелері сыйақыларының мөлшерін есептеу бойынша ұсыныстар енгізу;

6) Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі Комитеттерінің, Басқарманың және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау жөнінде ұсыныстар енгізу;

7) Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма Төрағасының, Қоғамның Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының сабақтастығын жоспарлау жөнінде ұсыныстар енгізу;

8) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар бойынша ұсыныстар енгізу (мұндай өкілеттіктерді жалғыз акционер берген жағдайларда);

9) омбудсмен жүргізген жұмыс нәтижелері туралы есептерді қарау;

10) Директорлар кеңесіне Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу және/немесе қызмет атқару мүмкіндігіне қатысты ұсынымдар беру;

11) Директорлар кеңесіне Комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есеп беру;

12) Директорлар кеңесінің төрағасы қатысқан жағдайда корпоративтік жанжалдарды қарау;

13) Қоғам және ұйым қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізу;

14) Әлеуметтік саясат, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және қоғам мен ұйымдардың оң беделін қалыптастыру мәселелері бойынша ұсынымдар шығару;

15) Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде Директорлар кеңесіне өзге де мәселелер бойынша ұсынымдар беру;

16) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Директорлар Кеңесі Төрағасының тапсырмасы бойынша өзге де мәселелерді қарау.

(осы тармақ өзгертілді және Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 27 желтоқсандағы шешімімен толықтырылды).

6. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

26. Комитет мүшесінің белгіленген тәртіппен мынадай құқығы бар:

1) Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінен қоғамға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды), егер аталған ақпарат оған Комитет мүшесінің функцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, сұратуға және алуға;

2) отырыстардың хаттамаларымен және Комитеттің шешімдерімен танысуға;

3) Комитет отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге міндетті;

4) Комитет отырысын шақыруды талап етуге міндетті;

5) Комитет отырысының күн тәртібіне мәселелер енгізуге міндетті;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, қоғамның Жарғысында, қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

27. Комитет мүшелерінің міндеті:

1) өз қызметін Жалғыз акционердің және тұтастай Қоғамның мүддесі үшін адал және ықыласпен жүзеге асыру;

2) өз міндеттерін тиімді орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу;

3) Комитеттің жұмысына қатысуға және оның отырыстарына қатысу;

4) осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

5) Комитет мүшесінің міндеттерін орындау барысында өздеріне белгілі болған барлық ақпараттың құпиялылығын сақтау;

6) өз құзыреті шегінде және осы Қағидада көзделген тәртіппен Директорлар кеңесі айқындауы мүмкін кез келген басқа да міндеттерді орындау.

7. Комитет мүшелерінің жауапкершілігі

28. Комитет мүшесі Қоғам мен Жалғыз акционер алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, оның ішінде жаңылыстыратын ақпаратты немесе көрінеу жалған ақпаратты беру нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапты болады.

8. Қорытынды ережелер

29. Комитет туралы қағиданы бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің құзыретінде болады.

30. Егер заңнаманы, Жарғыны өзгерту нәтижесінде Қағиданың жекелеген нормалары қайшы келсе, Қағиданың осы нормалары тиісті өзгерістер енгізілген сәтке дейін күшін жоғалтады.

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерту:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы 27 сәуірдегі № 3 хаттама).

2. № 2 қосымша:

- «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2024 жылғы 27 желтоқсандағы №13 хаттама).

